«Шардара автобус паркі» ЖШС
ТОО «Шардаринский автобусный парк»
ҚР, Түркістан обл., Шардара ауд., Шардара қ., №19 көше, 82 үй, БСН 021040006575, ЖСК KZ466010291000012496, БСК HSBKKZKX, АО «Народный Банк Казахстана»

«29» сәуір 2026 жыл **Шардара қаласы**

Ұйымдастырушы
«Түркістан облысының
мемлекеттік сатып алу басқармасы»
мемлекеттік мекемесіне
БСН 150240013345
ҚР, Түркістан обл., Түркістан қ.,
Жаңа қала м/а, 32 көш., 20 үй, кеңсе

Әлеуетті өнім беруші
«Шардара автобус паркі» ЖШС-нан
БСН 021040006575
ҚР, Түркістан обл., Шардара ауд.,
Шардара қ., №19 көше, 82 үй

№ 16770488-1 – «Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу» конкурсына сәйкес:

«Шардара автобус паркі» ЖШС-сы №16395492-1 – «Конкурстық құжаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу» конкурсының №86362408-ОК1 - Кесте бойынша жолаушыларды қалааралық тасымалдау жөніндегі автобустардың қызметтері лоттары бойынша конкурсқа қатысқан болатын.

27.04.2026ж. сағат 20:20:47 уақытта жарияланған №17590417 - Қорытындылар хаттамасына сәйкес «Шардара автобус паркі» ЖШС-сы (БСН 021040006575) жеңімпаз болып анықталған.

Аталған конкурстың қатысушысы болып табылатын «ЯНС» ЖШС-сы (БСН 970640001654) 28.04.2026ж. 16:53:37 уақытта қорытындылар хаттамасымен келіспейтіні туралы №289174 шағым жолдаған. Аталған шағымда көрсетілген уәждер мен ұсынылған конкурстық өтінім құжаттары бойынша жүргізілген зерделеу барысында келесідей кемшіліктер анықталғанын хабарлаймын:

1. Түркістан облысы, Сайрам ауданы аумағында өндірістік базасы болу туралы техникалық ерекшелікте талап болғаны туралы шағымына келесідей келіспеушілік білдіреміз, Конкурстық құжаттамаға 8-қосымша Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (Тапсырыс беруші толтырады) құжатының Ескерту тармағы 2-ші тармақшасында «Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді» деп көрсетілген, яғни аталған талап негізсіз.

2. «ЯНС» ЖШС-сы (БСН 970640001654) ұсынған Конкурстық құжаттамаға 12-

қосымша Көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін біліктілік және өлшемшарттар туралы мәліметтер құжатының Еңбек ресурстар кестесі бойынша ешқандай мәлімет толтырылмаған, яғни біліктілік талабы бойынша еңбек ресурстары жоқ.

Сізден аталған конкурс бойынша «ЯНС» ЖШС-сы тарапынан ұсынылған шағымды негізсіз деп танып, жоғарыда көрсетілген мәліметтер бойынша «ЯНС» ЖШС-ның конкурстық құжаттамасын біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп анықтауды сұраймын.

*Аталған құжат сотқа дейінгі реттеу құжаты болып табылады.

Директор **Куралбаев М.Ж.**